

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Талдықорған қ.

«30» наурыз 2023 ж.

Молекулалық генетика және геномика зертханасының есебі тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- 2022–2023 оқу жылында зертхана ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға қажетті жалпы суммасы 52 860 411 теңгені құрайтын құрал-жабдықтар және шығын материалдарымен жабдықты. 2023 жылға молекулалық генетика және геномика зертханасын жабдықтауға жалпы суммасы 95 908 050 теңгені құрайтын сұраныс берілді;

- Ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттаманы қалыптастыру үшін Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулердің ішіндегі Биология саласындағы іргелі зерттеулерге 1 техникалық тапсырма дайындалып ҚР ҒЖБМ ҒК жіберілді;

- ҚР ҒЖБМ ҒК жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға (постдокторантура) арналған конкурста Ермекбаев Қ.А жетекшілігімен “Қазақ бидайын жақсарту үшін генетикалық ресурстарды әзірлеу” атты 1 ғылыми жоба ұтып алынды. Жобаны іске асыру кезеңі: 2022-2024 жж., гранттың жалпы сомасы - 19 млн теңге.

- John Innes Centre орталығы, Ұлыбритания және CIMMYT (International Maize and Wheat Improvement Center) коммерциялық емес ғылыми ұйымының қолдауымен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 30.01.2023-02.02.2023 аралығында отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың қатысуымен «Орта Азиялық бидайдың генетикасы мен геномикасы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық семинар өткізілді.

- 2022 жылы зертхана қызметкерлерімен барлығы 5 мақала жарияланған. Оның ішінде отандық және халықаралық ғылыми-техникалық конференцияларда 3 мақала, Web of Science, Scopus дерекқорларының ғылыми журналдарында 1 мақала және ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда 1 мақала жарияланған.

- Зертхананың ғылыми-зерттеу жұмыстары бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша жүргізілуде. ЖТН -AP15473186 “Қазақ бидайын жақсарту үшін генетикалық ресурстарды әзірлеу” ғылыми жобасы бойынша 2022 жылы F6 өсімдіктерін өсіру бойынша күнтізбелік жоспарында берілген барлық тәжірибелер аяқталынды. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде маңызды дақылдарының тұқымдық банкі құру бойынша іс-шаралар атқарылуда.

- Зертхананың 2022-2023 күнтізбелік жоспарына сәйкес зертхананың 3 ғылыми қызметкері «Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналдарға мақала дайындау және жариялау», ағылшын тілі бойынша тілдік курстар мен университеттің ҒЖҒЖК бөлімі ұйымдастырған семинарлары және тағыда басқа генетикалық семинарларды қоса алғанда барлығы 12 біліктілікті арттыру семинарларына қатысты.

- Зертхана меңгерушісі Жаратылыстану ғылыми бағыты бойынша 1 докторант және 1 магистрантқа жетекшілік етіп, зертханада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда.

- Молекулалық генетика және геномика зертханасының есебін талқылай келе, Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1) Зертхана қызметкерлерінің ғылыми зерттеу жұмысының сапасын дамыту



және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің базасына кіретін және Scopus индекстеу базасына кіретін басылымдарда мақала жариялау санын арттыру (жауапты: Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, жыл бойы);

2) ҚР ҒЖБМ ҒК ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалары бойынша және жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға конкурсқа кемінде 2 жобаға өтінім дайындау (жауапты: Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, жыл бойы);

3) ҚР ҒЖБМ ҒК тарапынан ұйымдастырылатын технопарк және инжиниринг орталықтарын құруға бағытталған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға «Органическое производство и переработка сельскохозяйственной продукции» атты техникалық тапсырысқа І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті тарапынан іс-шара даярлау (жауапты: Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, жыл бойы);

4) Шетелдік және отандық ғалымдармен бірлесіп жұмыс жасау, тәжірибе алмасу мақсатында зертхана меңгерушісімен ұсынылған интенсивті селекция технологиясын Қазақстанға бейімдеу үшін Джон Иннес Орталығы (Ұлыбритания) және Ұлттық Ғылыми Аграрлық Орталығы (Пакистан) әріптестерімен бірігіп жұмыс жасау (жауапты: Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, жыл бойы);

5) Күнтізбелі жоспарға сәйкес және “Қазақ бидайын жақсарту үшін генетикалық ресурстарды әзірлеу” ғылыми жобасы бойынша берілген барлық тәжірибелерді аяқтау (жауапты: Молекулалық генетика және геномика зертханасының меңгерушісі, жыл бойы).

Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми Кеңес төрағасы



Қ.М. Баймырзаев



## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Талдықорған қ.

«30» наурыз 2023 ж.

Биотехнология және экология ҒЗИ, экология зертханасының есебі тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- Биотехнология және экология ҒЗИ, экология зертханасының қызметі жоспармен мақсатқа сай жүзеге асырылып келе жатыр, атап айтсақ 2022-2023 оқу жылына зертхананы жабдықтау мақсатында жалпы сомасы 1 630 000 тг көлемінде өтінім беріліп, оның ішінде 550 000 теңге құрайтын құрал жабдықтар зертхана құрамына енгізілді;

- 2022–2023 оқу жылында экология зертханасында қызметкерлері барлығы 9 мақала жарияланды, оның ішінде: 1 Scopus мәліметтер базасына, 1 РИНЦ деректер базасына, 3 ЖУ Хабаршысына, 1 Республикалық ғылыми конференциясына және 1 Халықаралық ғылыми конференциясына;

- 1 монография, 2 оқу құралы жарық көрді. Сонымен қатар 2 авторлық куәлік, 1 патент жарияланған;

- Экология зертханасының қызметкерлері, барлығы 4 біліктілікті арттыру курстарынан өтті;

- Қазіргі таңда зертхана меңгерушісі Жаратылыстану ғылыми білім беру бағыты бойынша 4 магистрантқа жетекшілік етуде, зертханада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда;

- Зертхананың ғылыми-зерттеу жұмыстары бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Биотехнология және экология ҒЗИ, экология зертханасының есебін талқылай келе, Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1) Халықаралық бағдарламалар мен бастамаларға қатысу: зертхана климаттың өзгеруі және биоәртүрлілікті сақтау сияқты жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған Халықаралық бағдарламалар мен бастамаларға қатысу (жауапты: Экология зертханасының меңгерушісі, жыл бойы);

2) Экология зертханасының қызметкерлері Scopus индекстеу базасына кіретін басылымдарда кемінде 2 жарияланым, ҚР БҒМ БҒССҚҚ ұсынған басылымдарда кемінде 2 жарияланым жариялау (жауапты: Экология зертханасының меңгерушісі, жыл бойы);

3) Халықаралық конференцияларда 2 баяндама жасау (жауапты: Экология зертханасының меңгерушісі, 31.12.2023 ж.);

4) Жобалар санын көбейту (жауапты: Экология зертханасының меңгерушісі, 31.12.2023 ж.);

5) Кемінде 2 авторлық куәлік және 1 патент алу (жауапты: Экология зертханасының меңгерушісі, жыл бойы).

Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми Кеңес төрағасы

К.М. Баймырзаев





ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Талдықорған қ.

«30» наурыз 2023 ж.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің есебі тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

- 2022–2023 оқу жылында жоғары мектептің білім беру бағдармаларында барлығы 1077 білімгерлер мен магистранттар білім алуда. Бакалавриатта 881 білімгер, оның ішінде: 235 ҚР білім гранты, 179 ЖАО гранты, ҚХ гранты 8, ақылы 459 және 80 магистрант, оның 25 ҚР білім гранты, докторантурада 4 докторант ҚР білім гранты негізінде оқиды;

- жоғары мектептің оқу процесі бакалавриатта 9, магистратурада 3, докторантурада 1 білім беру бағдарламалары бойынша іске асырылады;

- есепті кезеңде жоғары мектептің жан-жақты қызметі жоспарларға сәйкес жүзеге асырылуда.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің есебін талқылай келе, Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1) Жоғары мектептегі ғылыми зерттеу жұмысының сапасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің базасына кіретін журналдарда мақала жариялау санын арттыру (жауаптылар – деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары; орындалу уақыты – 01.12.2023 ж.).

2) «Журналистика», «Қоғаммен байланыс» ББ білімгерлерінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуы үшін шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық жұмыстарын жүргізу, келісімшарттар жасау (жауаптылар – ГҒЖМ деканы, Халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының директоры, орындалу уақыты – 20.12.2023 ж.).

3) Түрік, қытай тілін оқыту курсы бойынша әдістемелік оқу құралдарының санын арттыру бойынша жұмыстар атқару (жауаптылар – ГҒЖМ деканы; орындалу уақыты – 01.12.2023 ж.).

4) Қоғаммен байланыс, Орыс тілі мен әдебиеті, Тарих (ғылыми) білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлер санын арттыру мақсатында мансап және жұмысқа орналастыру орталығымен бірлесіп қала, облыс мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру (жауаптылар – ГҒЖМ деканы, ББ жетекшілері, МЖОО директоры, орындалу уақыты – 01.06.2023 ж.).

Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ғылыми Кеңес төрағасы



Қ.М. Баймырзаев